

Жамбыл ауданы бойынша жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 47-223 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 23 қаңтарда № 5031 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 510-бабының 1-тармағына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде, жер салығының мөлшерлемелерін, Қазақстан Республикасы Кодексінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 505 және 506 баптарында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелерінен елу пайызға арттырылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 01.11.2022 № 28-141 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихатының " Экономикалық реформа, бюджет, тарифтік саясат, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім 2019 жылдың 01 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы

К. Керімбаев

Жамбыл аудандық мәслихатының хатшысы

С. Жұрын